



Айна ақпарат

Абай облысында
жылыту маусымына
дайындық жұмыстары
қарқынды жүргізілуде

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында облыс әкімі Берік Уәли өңірдің 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындығы туралы баяндады.

Облыста орталықтандырылған жылумен 3 қала мен 5 аудан қамтылған. Биыл жылыту маусымына дайындық аясында 14,5 млрд теңгеге 32 жоба жүзеге асырылуда. Сонымен қатар «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде 15,8 млрд теңгеге 6 жоба қолға алынған.

Әлеуметтік сала нысандары мен тұрғын үй қорының дайындығы да жоғары деңгейде. Білім беру және әлеуметтік қорғау нысандары жылыту маусымына 100 пайыз, денсаулық сақтау нысандары 97 пайыз, тұрғын үйлер 98 пайыз дайын.

Семей қаласында 1 жылу электр орталығы мен 20 қазандық жұмыс істейді. Қазіргі уақытта қазандықтардың 18-і алдағы жылыту маусымына толық дайын. Қалған екі қазандықтағы ағымдағы жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін аяқталады.

Облыстағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 409 шақырым. Оның 325 шақырымы Семей қаласына тиесілі. Желілердің тозу деңгейі – 55,6 пайыз. Биыл 6,4 млрд теңгеге 38 шақырым жылу желісін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

«Жобалар толық іске асқаннан кейін облыс бойынша жылу желілерінің тозу деңгейі 55,6 пайыздан 52,3 пайызға, Семей қаласында 58,2 пайыздан 54,1 пайызға дейін төмендейді. Жылыту маусымына дайындық жұмыстары қыркүйек айының соңына дейін толық аяқталады. Аталған жұмыстар жеке бақылауымыз болады», – деді Берік Уәли.

Абай облысының әкімдігі.

Мерейлі отбасы

БЕРЕКЕЛІ ШАҢЫРАҚ, ӨНЕГЕЛІ ӘУЛЕТ

Өткен аптада облыс әкімі Берік Уәлидің қатысуымен Семейде өнегелі өмірімен ұрпаққа үлгі болып жүрген отбасыларды ұлықтауға арналған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңі жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Отбасы – адам өміріндегі ең қымбат қазына, қоғамның берік тірегі, осындай тағылымды шаңырақтың бірі Құмаровтар отбасы Жарма ауданы атынан байқауда бақ сынап, 3-орынды иеленді. Жүлдегер отбасына облыс әкімі Берік Уәлидің арнайы дипломы және 300 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды. Ал Шар қаласынан қатысқан Еңсеновтер отбасы облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бұл – берекелі шаңырақтың, мандай термен келген еңбектің және ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершіліктің лайықты бағасы. Құмаровтар отбасы мен Еңсеновтер әулетін құттықтай отырып, шаңырақтарына амандық, бақ-береке тілейміз, мерейлеріңіз арта берсін.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өтетін дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында жармалық отбасылар өздерінің көпке үлгілі-өнегелі әулет екендерін көрсетіп, жеңімпаздар қатарынан көрінуі мақтанарлық іс.

Жалпы «Мерейлі отбасы» байқауы – адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға, отбасы мәртебесін арттыруға, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін айшықтауға бағытталған маңызды жоба. Байқау елімізде 2014 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқаны айтылды.



Бүгінде Абай облысында 198 526 отбасы бар. Оның 18 983-і – көпбалалы отбасылар. Өңірдегі әр шаңырақтың өзіндік тарихы, қалыптасқан дәстүрі мен ұрпақ тәрбиесіне қосып отырған үлесі бар. Биыл «Мерейлі отбасы» байқауына облыстың қала-аудандарынан 129 отбасы өтініш білдіріп, олардың 24-і облыстық кезеңге жолдама алған.

Марапаттау рәсімінде құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі отбасы құндылықтарының қоғамдағы маңызына тоқталып, байқауға қатысқан барлық жанұяларға ризашылығын білдірді.

«Бүгін біз отбасы құндылығын дәріптеп, өнегелі әулеттің мерейін асырып, тағылымды шаңырақтың шырайын келтірген айтулы шарада бас қосып отырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Әр адам, ең алдымен, өзінің қастерлі шаңырағында тұлға ретінде қалыптасады, үлгі-өнеге алып, нағыз азаматқа тән игі қасиеттерді бойына сіңіреді. Отбасында көр-

ген тәлім-тәрбиенің арқасында елімізде отаншыл, еңбеккер, білімді және мәдениетті ұрпақ өсіп шығады» – деп ерекше атап өткен болатын.

"Биыл «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы облысымызда бесінші рет өткізіліп отыр. Бес жыл ішінде бұл байқау өнегелі отбасылардың басын қосып қана қоймай, қоғамға жақсыны көрсетуге, ізгілікті дәріптеуге, отбасылық құндылықтарды жаңғыртуға арналған маңызды дәстүрге айналды. Бүгінгі марапатты – Отанның бір бөлігі болған отбасына тәрбиенің тұнығын беріп, барын бақытым деп бағалаған кең пейіл, бала көңілдеріңізге облыс жұртшылығының көрсеткен құрмет деп білерсіздер. Ынтымағы мен ырысы артқан әр шаңыраққа бақ қонып, баланың күлкісі, сәбидің сынғыры үзілмесін. Мерейлі отбасылардың мерейі үстем болып, абыройы арта берсін!", – деді Берік Уәли.

Өз тілшіміз.

ӘDILET

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН — ТАЗА ЕЛ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ»

Құрметті партияластар!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы партиямыздың маңызды басымдықтарының бірі екендігін ерекше атап өткім келеді.

Президентіміз бұл бастаманың уақытша науқан емес, қоғамның күнделікті өмір салтына айналуы тиіс екенін үнемі айтуда. 23 тамыздағы брифингте де сайлаудан кейін қол қусырып отыруға болмайтынын айтып, ел игілігі жолындағы жұмысты жалғастырудың маңыздылығына назар аударды.

Алайда «Таза Қазақстан» ұғымын тек сенбілік өткізу немесе көшені қоқыстан тазартумен шектеуге болмайды. Тазалық – адамның қоршаған ортасына ғана емес, өзінің ісіне, сөзіне, қоғамдық жауапкершілігіне деген көзқарасынан көрінетін мәдениет. Демек, сана тазармай – қала тазармайды.

Сондықтан «ӘDILET» партиясы үшін «Таза Қазақстан» – Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды идеологиялық негіздерінің бірі. Бұл – қоғамдық мәдениетті



қалыптастыру, жауапкершілікті арттыру, туған жерге жанашырлықпен қарау және кейінгі ұрпаққа таза әрі жайлы орта қалдыру деген сөз.

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дейді халқымыз. Егер әрқайсымыз туған жеріміздің тазалығына өзіміз жауапты екенімізді сезінсек, көп болып жұмылғанда

алынбайтын асу жоқ. Туған жердің көркеюі – баршамызға ортақ азаматтық жауапкершілік. Ендеше, бірге әрекет етейік.

Ең бастысы – тазалықты бір күндік науқан емес, тұрақты өмір салтына айналдырайық. Бірлігіміз бекем, ниетіміз ортақ болса, туған өлкемізді одан әрі көркейтіп, ұрпағымызға жайлы, таза әрі көрікті мекен қалдыра аламыз. «Таза Қазақстан» – баршамызға ортақ іс!

Осы орайда, баршаңызды өткен сайлауда «ӘDILET» партиясының сенімді жеңісімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – ең алдымен, бізге білдірген сенім мен үміт деп білемін. Елдің қолдауы бізге үлкен жауапкершілік жүктеп, партияның сайлауалды бағдарламасында белгіленген міндеттерді сапалы жүзеге асыруға жаңа серпін береді. Алдағы кезеңде халықтың сенімін нақты іспен ақтау – басты мақсатымыз.

Сөзіміз сүбелі, ісіміз жүйелі шығып, алар асуымыз биік болсын!

Айдар Ибраев, "ӘDILET" партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

- КӘСІБИ, АШЫҚ
ЖӘНЕ АЗАМАТҚА
БАҒДАРЛАНҒАН ҚЫЗМЕТ
- КАДРЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ
ЦИФРЛАНДЫРУ
- ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ
ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУ
- АЗАМАТТАРҒА ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ САПАСЫН
АРТТЫРУ

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

Мемлекеттік қызмет – ел дамуының маңызды тетіктерінің бірі. Оның тиімділігі мемлекеттік аппараттың кәсібилігіне, кадрлық әлеуетіне және қоғамның өзгермелі талаптарына қаншалықты бейімделе алатынына тікелей байланысты.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның жаңа редакциясы осы бағыттағы маңызды өзгерістерді айқындады. Заң мемлекеттік қызметке қабылдау, қызмет өткеру, кәсіби даму және кадрлық процестерді жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдерді енгізеді.

Жаңа редакция мемлекеттік қызметке қабылдау, оны өткеру және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуына қатысты тәсілдерді жаңартып, мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, азаматтармен өзара іс-қимылдың

сервистік моделіне көшуге және кадрлық процестерді одан әрі цифрландыруға басымдық берілген.

Заңдағы өзгерістердің басты мақсаты – мемлекеттік қызметті заманауи талаптарға бейімдеу, кадрлық әлеуетті күшейту және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби өсуіне қолайлы жағдай жасау.

Маңызды жаңашылдықтың бірі – мемлекеттік қызметтің мақсаты мен міндеттерін нақтылау. Бұған дейін заңнама негізінен мемлекеттік қызметшілердің қызмет өткеру мәселелерін реттеуге бағытталса, енді мемлекеттік қызметтің ұлттық басымдықтарды іске асырудағы рөлі айқын көрсетіледі. Мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліммен қатар жауапкершілік, адалдық және азаматтарға бағдарлану талаптары қойылады.

Жаңа заң азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділі-

гін арттыруға бағытталған клиентке бағдарланған мінез-құлық моделін енгізеді. Бұл ретте азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі келтіретін артық құқықтық және цифрлық кедергілерді жоюға басымдық беріледі.

Сайланбалы әкімдердің де құқықтық мәртебесі нақтыланды. Олар мемлекеттік қызметшілердің жеке санаты ретінде қарастырылады. Оларға арнайы оқыту жүргізіледі, сондай-ақ ротация, уақытша басқа органға жіберу және тәлімгерлік талаптары қолданылмайды.

Кадр саясатына да жаңа тәсілдер енгізіледі. Жас әрі талантты мамандарды мемлекеттік қызметке ерте кезеңнен тарту үшін мемлекеттік қызметке кіруге даярлау институтын енгізу көзделген.

Сонымен қатар «Е-қызмет» жүйесі арқылы кадрларды іріктеу мен басқаруды толық цифрландыру жоспарлануда. Егер лауазым үш айдан астам уақыт бос тұрса, жүйе арқылы конкурс автоматты түрде жарияланады.

Білікті мамандарды мемлекеттік қызметте ұстап қалу үшін «Б» корпусы қызметшілеріне бір лауазым шеңберінде горизонтальды ілгерілету тетігі енгізіледі. Бұл кәсіби дамуға қосымша мүмкіндік беріп, мемлекеттік қызметтегі институционалдық жадыны сақтауға ықпал етеді.

Осы өзгерістердің барлығы кәсіби, ашық және азаматқа бағдарланған мемлекеттік қызметті қалыптастыруға бағытталған.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!



Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін өзекті мәселелердің бірі. Ол әділетсіздікке әкеліп, халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетеді.

Жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың емес, әр азаматтың міндеті. Пара бермеу, заңды сақтау, өз құқығын білу – жемқорлықтың алдын алудың маңызды жолдары.

Жемқорлық белең алған жерде адал еңбек пен әділдікке деген сенім әлсірейді. Сондықтан әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заңсыз әрекеттерге бей-жай қарамауы керек. Қоғамда адалдық, әділдік және жауапкершілік сияқты құндылықтар берік орнықса, жемқорлықтың таралуына жол аздады.

Әсіресе жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың зиянын түсіндіру маңызды. Өйткені бүгінгі жас – ертеңгі елдің маманы мен көшбасшысы. Адалдықты бала кезден бойға сіңіру – жарқын болашақтың негізі.

Жемқорлықсыз қоғам құру – баршамызға ортақ міндет. Әрқайсымыз заңды құрметтеп, адалдықты таңдасақ, еліміздің болашағы да жарқын болады. Адалдықты таңдау – ел болашағын таңдау!

Д.Андрашев, Жарма аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысының міндетін атқарушы.

НА ЗАСЕДАНИИ АКИМАТА РАЙОНА

Актуальные вопросы - подготовка учреждений образования к новому учебному году, инвентаризация бесхозного имущества на территории района, коммунальных списываемых и выставаемых на аукцион транспортных средств, деятельность административно – территориальных единиц по исполнению прогнозов доведенных собственных доходов, продвижение районной карты трудоустройства были рассмотрены на очередном заседании райакимата, с участием в нем акимов округов, руководителей отделов и самостоятельных организаций района.

Однозначно, в преддверии 1 сентября особое внимание исполняющего обязанности акима района Берика Терликбаева уделялось готовности школ Жармы к приему учащихся и началу 2026-2027 учебного года. В ходе обсуждения данного вопроса отмечено, что подготовительные работы должны быть завершены в установленные сроки. Контролирующими службами и отделом образования проверено состояние зданий, кабинетов и спортивных залов, столовых, инженерных коммуникаций и прилегающих территорий школ. Руководителям учебных заведений поручено обеспечить необходимые условия для безопасного и комфортного обучения детей. Отдельно рассмотрена тема организации горячего питания для учеников начальных классов и детей из социально уязвимых категорий.

Как выяснилось на заседании основными проблемными моментами упорядочения работы по выявлению, учету и дальнейшему оформлению бесхозных объектов и реализации невостребованного



автотранспорта остаются их своевременное выявление, установление и оформление, постановка на соответствующий учет, а также обеспечение надлежащего содержания объектов до определения их дальнейшей судьбы. В связи с этим, по всем транспортным средствам, которые когда-либо будут выставлены на аукцион, требуется продолжить работу по проведению инвентаризации, определению технического состояния, оформлению правоустанавливающих документов и подготовке необходимой документации для их реализации посредством торгов. По итогам рассмотрения ответственным учреждениям (отделы юридического, финансов, экономики и бюджетного планирования), исполнительным органам на местах, следует до конца текущего года активизировать работу по каждому выявленному объекту и автотранспорту, устранить имеющиеся недостатки в документации,

обеспечив соблюдение установленных процедур при их дальнейшем оформлении и реализации.

Еще одним вопросом повестки дня стала реализация государственных программ трудоустройства. В рамках данного направления, как и прежде, рассматриваются меры по созданию новых рабочих мест, содействию занятости населения и привлечению жарминцев к различным программам обучения и трудоустройства.

По завершении заседания Б.Терликбаевым даны конкретные поручения курирующим тот или иной вопрос заместителям акима района и руководителям отделов. Исполнение данных поручений будет находиться на контроле, а работа по обозначенным направлениям продолжена в плановом порядке.

Г.Смагулова.

Саудада мемлекеттік тіл маңызды

Тіл – ұлттың жаны, халықтың рухани тірегі. Ал мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында кеңінен қолданылуы – ел тәуелсіздігінің басты белгілерінің бірі. Бүгінде қазақ тілі тек күнделікті қарым-қатынас құралы ғана емес, кәсіп пен сауданың да тіліне айналуы тиіс. Сондықтан «Мемлекеттік тіл – сауда тілі» деген ұғымның мәні терең деп білемін.

Жарма ауданы – тұрғындарының басым бөлігін қазақтар құрайтын өңір.

Осындай ортада мемлекеттік тілдің сауда саласында кеңінен қолданылуы – заң талабы ғана емес, елге деген құрметтің белгісі. Сауда орындарына келген әрбір тұтынушы өз ана тілінде ақпарат алып, еркін қызмет көрсетілгенін қалайды. Сондықтан мемлекеттік тілдің саудадағы орны ерекше екенін ұмытпауымыз қажет.

Біздің Қалбатау ауылындағы ЖШС Бэст Прайс Казахстан (Фикс-прайс) сауда үйі де осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Күнделікті қызмет барысында заң талаптарын сақтауға және тұтынушыларға қолайлы орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөлеміз. Дүкендегі тауар атаулары міндетті түрде қазақ тілінде, ал қажет болған жағдайда екі тілде жазылады. Себебі біздің мақсатымыз – келген әрбір сатып алушыға түсінікті әрі ыңғайлы қызмет көрсету. Мемлекеттік тілді бірінші орынға қоя отырып, өзге тілдегі тұтынушылардың да ақпаратты еркін қабылдауына жағдай жасаймыз.

Сонымен қатар дүкен ішіндегі көрнекі ақпараттар, бағыттаушы жазбалар мен ескертулер де екі тілде рәсімделген. Бұл – сауда мәдениетін қалыптастырумен қатар, тіл туралы заң талаптарын орындаудың бір көрінісі.

Мемлекеттік тілдің сауда саласында қолданылуы халыққа қызмет көрсету сапасын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарға деген құрметті де айқындай түседі.

Қазақ тілі – халықты біріктіретін тіл. Сондықтан әрбір кәсіпкер өз кәсібінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосуы керек деп ойлаймын. Әсіресе қазақы ортадағы аудандарда ана тіліміздің беделін биіктету – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі биік болса, елдің де еңсесі жоғары болары анық.

*Серикжанов Алихан Серикжанұлы,
ЖШС Бэст Прайс Казахстан менеджері.*

БІЛІМ САЛАСЫ

ДИКТАНТ, ШЫҒАРМА ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫНА ҚАЙТА ОРАЛУДЫҢ ОҚУШЫҒА ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ

Оқу-ағарту министрі мұғалімдердің оқушы дәптерін қайтадан өзі тексеріп, дәстүрлі бағалау жүйесіне оралатынын мәлімдеді.

Жасанды интеллект дамыған заманда мектеп оқушыларының өздігінен ойлау, мәтін құрау және сыни талдау дағдылары төмендеп бара жатқаны – бүгінгі білім беру саласының басты мәселелерінің бірі. Осыған байланысты Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы биылдан бастап оқушылардың білімін бағалау форматына өзгерістер енгізіп, дәстүрлі диктант, шығарма және бақылау жұмыстарын қайта қолға алды. Академия ішінен арнайы бөлім құрылып, жаңа бағалау критерийлерін әзірлеу жұмыстары басталып кетті.

Халықаралық зерттеулер де бұл қадамның өзектілігін растайды. ЮНЕСКО-ның "Білім берудегі генеративті ЖИ бойынша нұсқаулығында" мектеп жасындағы балалардың негізгі ойлау және жазу дағдылары қалыптаспай тұрып, чат-боттарға шектен тыс сүйенуі когнитивті дамуды баяулататыны ескертілген. Сонымен қатар, Stanford University зерттеушілері әзірлеген AI Index Report баяндамасында жасанды интеллект құралдарын оқу процесіне бақылаусыз енгізу оқушылардың дербес мәтін жазу қабілетін төмендететіні жазылған.

Бұл бастама балалардың өз ойын сауатты да жүйелі түрде қағазға түсіруін қайта жандандыруды көздейді. Осы орайда, цифрлық дәуірде дәстүрлі бақылау түрлері қалай бағалануы тиіс және оқушының шынайы білімін анықтаудың әділ критерийлері қандай болмақ екенін сарапшылар айтып берді.

Медиалингвистика маманы Дастан Қастай бұл мәселеге әдеби таным тұрғысынан келген жөн екенін айтады.

"Ең әуелі – оқушының көркемдік танымын нығайтуға ден қою керек. Көркемдік танымның өзі өзгеше, соны ойдан бастау алады. Ал соны ой дегеніміз не? Мәселен, қазақ әдебиетінде көз жасын моншаққа теңген ақын-жазушылардың есебіне жету мүмкін емес. Қайталап айтуудың да қажеті жоқ. Бәлкім, оқушы өзгеше сипат таба. Осындай сұрақтар арқылы оқушының кең ойлауына жол ашу керек. Кейін оқушының ұлттық санасы қаншалықты жетілген? Осыған да мән беріледі. Тағы бір мысал болсын: Обал мен сауап ұғымдарын алайық. Шетел оқушысына бұл хақын да түсіндіре алмайсыз. Қазақ оқушысы қаншалықты деңгейде қазақша ойлана алады. Мәтінді судыратып оқыған бір бөлек, сөз ұққан, ұлттық дүниетаным дүрбісінен мына әлемге зер салған мүлдем басқа қисын. Дамыған елдердің білім бағдарламаларында да баланы ең алдымен ұлттық санаға бейімдеу жолға қойылған. Екіншіден, сауат мәселесіне айрықша маңыз беріледі деймін. Мен Журналистика факультетінде болашақ мамандарға дәріс оқимын, семинар жүргіземін. Көбі орашалақ, жүйесіз жазады. Себебі мектеп қабырғасында талдауға, образды ойлауға машықтанбаған. Балаларды бағалауға келгенде сөз қолданысы мен бала танымына нәрі мен құнарын себер ұлттық әдебиет өнегесі негізге алынғаны жөн. Кітапты оқытып, кейін сабақтастары арасында талдау керек, үзіндісін қайта оқып бергені жөн. Мұның бәрі баланың танымын кеңейтеді. Өкінішке қарай, қазіргі балалар поэзия оқымайды", – деді Дастан Қастай.

- Медиалингвистика маманы жүргізіп жүрген зерттеу диссертациясы ми мен шығармашылық үдерістердің байланысына арналған. Осы орайда Дастан Қастай талдауға мән беру қажеттігін айтады. Өйткені дәл осы поэзия, ондағы қос сөздер, тұрақты тіркестер, төл ұйқас пен өзгеше ырғақ, құбылмалы синонимдер, антонимдер баланың ми қатпарын ширатады.

"Мектеп пен университетті "ми нейрондарын түзуші зауыт" деп тегін айтпаймыз. Баланы өсіретін – жыр. Әсіресе, Абай, Мағжан, Ілиястардың поэзиясын оқушыға сөзбе-сөз талдау керек. Орта мектепті аяқтағанымда он бір жыл болды. Бірақ әдебиет сабағында "Қыз Жібек" жырын талдағанымыз әлі есімде. Негізінен алғанда, оқушы жазған мәтіндегі көзқарасқа, ой-пікірге қатысты "бұрыс" немесе "дұрыс" деп кесіп айтуға асықпаған абзал. Оқушы пікірі қате болса да, ойын жүйелі жазып шығуға дағдылансын. Идеясын жоққа шығаруға болмайды. Ұстаздардың "мынауың қате, бұлай ойлауға болмайды" деп шектеу қоюын азайту керек. Әлбетте, басты назар салар тұс – морфология мен синтаксис. Оқушы қазақы сөйлем құрауға келгенде іркілмеуге тиіс. Мұнда ұстаздың да өз пәні бойынша білім-білігі сыналады. "Жұмыстандым", "жұмыс жасап жатырмын", "маман несі", "айтатын боламын", "көп адамдар", "баршаларыңызға сәлем", "сәт-тілік", "жазып, айтып бастадым", "туылған күніңмен" деп сөйлейтін, жазатын талай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғаліміне қарата шерлі базынамызды айтқанбыз. Өсілінде, оқушының жазбасын шамалауға да шама керек, сауаттына, сөйлем жүйесіне, тілді игеру әлеуетіне,



мәтін логикасына зер салған жөн. Көбіміз жақсы жазу дегеніміз – қазақ тілінде сирек айтылатын сөздерді тізбелеп жаза беру деп ойлаймыз. Жақсы жазу – сөз ұғу, сана ағынында бұрқ-сарқ қайнаған озық ойынды нақ білдіретін сөз-сөйлемді қапысыз таңбалау", – дейді медиалингвистика маманы.

Дастан Қастайдың айтуынша, қазір балалардың зейіні "зенденген". Бір тақырыпқа аял жасап, уақыт арнауы, салқын сана қисынына салып ой өрбіту қиын. Айтқан дерегінді жөпелдемеде ұмытып қалады.

"Бытыр америкалық нейробиологтер оқушылардың қол телефонын уақытша сұрап алып, көпке дейін ұстатпай қойып, тың тәжірибе жүргізген. Нәтижесінде, талапкерлердің ойы тұнып, санасы сергі түскен. Яғни, жасанды интеллектіні шетке ысыра тұрып, деміл-деміл бабалар білімінің өнегесіне оралғанымыз да дұрыс. Ақ қағаз бен ала сияның ми қызметіне тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Байқайсыз ба, ЖИ пайда болғалы оқушылар ұзақ мәтін жазудан, ұзақ мәтін оқудан қала бастады. Бердібек Соқпақбаев шығармаларын біздің буын неге сүйіп оқыды? Себебі, оның туындылары шынайы суреттеу мен келісті кейіптеу жарасым тапқан. Балаларға суреттеу, кейіптеу, табиғат көрінісін жазу тілінің тезіне сала отырып, көркемдеп кестелеу сияқты тапсырмаларды жиі беру керек. Мысалы, туған жерінде тау жоқ болса, қиялынан тау тұрғызсын, тау баурайына самсаған самырсын қадап, бұлақ ашсын, алуан түрлі гүл ексін. Мұның бәрі, сайып келгенде, баланың қиялын ұштайды, ой-өрісін кеңейтеді. Мектеп жерінде тау жоқ болса, қиялынан тау тұрғызды. Демек, күнделік жүргізу, өлең жаттау, шағын хабарларды қағазға түсіріп отыру оқушының интеллектуалдық дүниетанымына септесін деген сөз", – деді PhD докторант.

Дастан Қастайдың пікірінше, жазбаша бақылау жұмыстарының мектептегі білім сапасын қаншалықты көтеретіні туралы белгілі бір тоқтамға келіп, нақты кесіп айту қиын, бірақ ізбасар буынның сауаты түзелері анық. Жазудың өзі – адам интеллектісін дамытудың төте жолы. Тіпті, ұзақ жасауға жол ашатын, торығу мен құлазудан айықтыратын шипалы амал. Жазу тапсырмасының жиі берілуі баланың шығармашылық әлеуетін шыңдайды, әлеуметтік ортаға жұғымды мінез-құлқының қалыптасуына ықпал етеді. Ондай оқушы болашақта өзгеше ой айтып, тың туынды жасауға келгенде тосылмайды.

"Қазір ұр да соқ емес, қиялына қанат бітіре отырып жұмыс істейтін мамандардың дәурені жүріп тұр. Техника көркемдік танымды ешқашан басып оза алмайды. Жан бітіре жазу, оқырманын толқыту, көптің сезіміне серпін бере отырып көңіліне ұялау, озық тіркестер тудыру – жаза-жаза жаттыққан жанның ғана қолынан келеді. Демек, егер балаға жазу тапсырмаларын жиі берер болсақ, біз де келешекте құр қызыл сөзге емес, қызу іске бел шеше кірісетін сапалы адами капиталды қалыптастыру жолына түсеміз. ЖИ дегеніміз – белгілі бір алгоритмдердің жиынтығы ғана. Балаларды өзінің ішкі толғанысы мен өткен тәжірибесін жазуға машықтандыру керек. Мысалы, дәрісімде талапкер-

лерге: "Өзіңнің болмысыңды биіктетіп, мерей-мәртебенді асқақтатқан ерекше сәтінді хатқа түсір" деп тапсырма бердім. Бір талапкер жұмыстан шаршап келген әкесінің алдынан жүгіріп шыққан сәтін, әкесі "қызым, құлыным" деп құшырлана іскеп, көтеріп алғанда төбесі көкке бір сүйем жетпей қалатынын жазыпты. Мұндай мәтінді ЖИ ешқашан жазып бере алмайды. Сондықтан оқушыларға шынайы, кіршіксіз адами қарым-қатынасқа, өмір шындығына, мөлтіл сезім мен жеке тәжірибеге негізделген тапсырмаларды көп ұсыну керек. Тағы бір тәсіл – қазақ әдебиетіндегі классикалық шығармалардың кез келгенін алып, соның бір сөйлемін оқып беру. Оқушы шығарманың жалғасын өз қиялына салып, өрбітіп әкетуге тиіс. Кейін автор туындысымен қияластыра, салғастыра отырып талдауға болады. Мұның бәрі баланың қарым-қабілетін шыңдай түсетін тапсырмалар", – деді Дастан Қастай.

Педагог-зерттеуші Гүлімжан Мұхамеджанқызы Пазилова оқушының білімін бағалауда эссе, шығарма мен диктантты бірге қолдану тиімді екенін айтады. Себебі олар әртүрлі дағдыларды анықтайды.

"Эссе, шығармада оқушының өз ойын жүйелі жеткізуі, тақырыпты ашуы, дәлел келтіруі, шығармашылық қабілеті, сөздік қоры және логикалық ойлауы бағаланады. Диктантта орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығы, сөздерді дұрыс жазуы, грамматикалық ережелерді меңгеруі анықталады. Бағалау тек қателер санымен шектелмей, оқушының алға ілгерілеуін де ескергені дұрыс. Эссе үшін нақты критерийлер мен дескрипторлар қолдану пайдалы: мазмұны, құрылымы, дәлелі, тіл байлығы, сауаттылығы. Диктантта қателерді жай ғана белгілеп қоймай, оқушыға қатесін түсіндіріп, қайта түзетуге мүмкіндік беру маңызды. Яғни, эссе – "оқушы қалай ойлайды?", ал диктант – "оқушы ойын қаншалықты сауатты жазады?" деген сұрақтарға жауап береді", – деді Гүлімжан Пазилова.

Мұнымен қатар, педагог ЖИ дайын жауапты тез ұсынатындықтан, оқушыны жауапты көшіріп алуға емес, өз бетінше ойлануға және жауапты өңдеуге үйрету қажет екенін тілге тиек етті.

"Есте сақтау үшін: мәтінді оқығаннан кейін кітапты жауып, негізгі ойды өз сөздерімен айтқызу; қысқа тест, сұрақ-жауап, карточка, қайталау әдістерін қолдану; жаңа ақпаратты бұрынғы біліммен байланыстыру. Ой қорыту үшін: "Неліктен?", "Қалай дәлелдейсің?", "Басқаша болуы мүмкін бе?" сияқты сұрақтар қою; бірнеше ақпаратты салыстыру, себеп-салдарын анықтау; ЖИ берген жауаптан қате немесе күмәнді тұстарды тауып, дәлелдеуді тапсырма ретінде беру. Жазбаша сөйлеуді дамыту үшін: алдымен оқушының өз нұсқасын жаздыру; кейін ЖИ-ді идея ұсынатын немесе қателерді тексеретін құрал ретінде пайдалану; дайын ЖИ мәтінін көшірмей, оны оқушының өз сөзімен қайта жазуын талап ету; эсседе жеке пікір, мысал және қорытынды болуын міндеттеу. Ең тиімді тәсіл – "алдымен оқушы ойлайды → жазады → ЖИ көмегін алады → салыстырады → түзетеді → соңғы нұсқасын өзі қорғайды" қағидасы. Осылайша ЖИ оқушының орнына ойлайтын құрал емес, оның ойлауын дамытуға көмектесетін құралға айналады деген ойдамыз", – дейді мамандар.

К.Шынбат.

ҰЛЫ КӨШКЕ 64 ЖЫЛ

"Еміл - ай" деп келгенбіз (Қабдештің елі Жармада)



*Күнгейден Тарбағатай көш келеді,
Қиын боп туған жерге көш демегі.
Апта өтті күні - түні ұлар шу көш,
Ауған ел Сарыарқаға бет түзеді.*

Қазақтың қара нар көтере алмайтын ақ таңдақ тарихында атамекеннен талай зомбылық, шапқыншылықта ел кетіп, жаны жасып, көздің жасын көлдеткен сан көштер болған. Солардың ішінде мемлекеттік іргесі бекем XX ғасырдың ортасынан ауғанда, көгінен құс, жерінен жорғалаған аң өте алмайтын, сауысканнан сақ екі империя Қытай мен Кеңес үкіметі шекарасын жарып өткен, ұлттық рухы биік қазақ көші тарихта сірге жиыр «Соңғы көш» атанып өзіндік ерекшелігімен тарихқа енді. Бірақ лайықты бағасы әлі берілмеді.

1962 жылы сәуірдің ортасында Қытайдағы ұлттық езгі мен қорлау, малды, жерді алып, коммуналастыру мен ортақ бір қазаннан ас ішуі, кедейшілікпен ашаршылық азабы, ауыр алым-салыққа шыдамаған, екі иығынан басса да рухын бастырмаған халық, Тарбағатайдың күнгейіндегі «Сібеті», «Ашылы», «Қарақабак» Құлыстайды ата мекен еткен сегіз болыс төртуыл елі мен 100 мыңдай халқы бар аймақ орталығы шәуешек қала халқы түп қотарыла Қазақстанды бетке алып, жер қайысқан төрт түлік малымен өтті.

Бұл жылы табиғат ана да рахым жасап көктем жайлы әрі ерте шықты. Көшке қыс бойы дайындалдық. Жүздеген адам қол қойған хатты Мәскеуге, Кремльге жолдадық. Хаттың түп нұсқасын Алматыда екі жыл қазақ мемлекетік университетінде білім алып, «ұлтшыл», «алашшыл», «оңшыл» деп Қытай үкіметі қуғын-сүргін еткен Қабдеш Жұмаділовтың өзі орыс тілінде жеткізе жазды. Мен Үрімжідегі Шыңжаң университетінен ауысып келгем, екеуімізде туған ауылдағы «Сібеті» орталау мектебінде мұғалім болдық.

Коммунада дала жұмысы басталмай, көлік күші егіске шығып кетпей, ойға алған көшті бастау сәті келді.

Сәуірдің ортасынан басталған көш 24-сәуірге дейін үздік-создық бес жерден: «Жаманты», «Бакты», «Ергейті», «Еміл», «Шагантоғай» заставалары торын жиып жол берді. Шекара бойы ашық аспан астында қаймағы бұзылмаған көшпенділердің соңғы көші өтті. Жаяулы, түйелі, арбалы, қалың нөпірі киіз үй, күрке, итарка қостарын тігіп жайрап жатты...

25 сәуірде Мәскеу көшті қабылдап алуға Қазақстан үкіметіне бұйрық берген соң, жан саны мен әр отбасының мал санын тізімдеп, кісі басы 30 сомнан ақша берді. Жанқалта пұлы десе керек. Жер қайысқан қалың авто машиналар шетінен, Аягөздің шығысындағы қоңыр төбеге әкеп, жүк пойыз вагондарына тиіп, әрбір колхоз бен совхоздан өкілдер келіп, еншілеп әкетіп жатты. Біздің өмірі іргесі бөлініп көрмеген жұмық тоғас пен қараменде 100 ден артық от басы Жарма ауданы Скотовод совхозынан келген Дәтбаев Шағыйдың иелік етуі мен Жаңғызтөбе станциясынан түсіп, Қалбаның жонындағы екі совхозға Скотовод, Михайловқа орналастық. Біздің соңымыздан төртуылдың Байғара, Жауғаш, Баймұрат, Шөтік рулары «Белтерек, Рассвет, Шар, Қарасу, Кезеңсу, Октябрь т.б.» шаруашылықтарына қоныстанды.

Бала кезімізде Қабдеш екеуіміз ауылдағы той ду-

манда қара өлең айтысында ағаларымыз Тұрысбек пен Бактиярдың Құлан мен Бағила Қайым айтыстарында:

*Қалбаның қалың дейді қарағаны,
Бестінің сұлу дейді жарағаны.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Қалқаның не болады қалағаны.*

-деп естуші едік. Енді міне құлақ естігенді көз көрді.

Қабдеш бастаған 20 отбасы «Ақдінгек» фермасына, біз «Қайран», «Малай» фермаларына жайғастық. Совхоз адам, малшыларға өте зәру екен. Өңкей жас жігіттер қой қырку, шөп шабу, мал қораларын жөндеу жұмысына араласып кеттік.

Төрт айдан кейін Қабдеш Алматы да ҚАЗГУ-дегі үзіліп қалған оқуын жалғастырып, үздік бітіріп, «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жазушы» баспасында ұзақ жыл редакторлық етіп, кейін кәсіби жазушылықпен айналысып кетті. Заманымыздың заңғар жазушысы, мемлекеттік М. Әуезов атындағы сыйлықтың иегері, Халық жазушысы, «Барыс», «Парасат» орденінің иегері атанды.

Қабан (Қ. Жұмаділов) өзінің ғұмырнамалық шығармасы «Таңғажайып әлем» романында көш туралы еске алып: «...Бізді жақсы қарсы алды. Сол кездегі Жарма ауданының қазір кейбіреуі бар, кейбіреуі о, дүниелік болып кеткен шығар, өйткені сол кездің өзінде үлкен кісілер болатын. Райком хатшысы Торғаев Қабдісләм, оқу бөлімінің бастығы Қадес Жақсыбаев, совхоз директоры Күнсіләм Мұсажанов бізге қараған ағайын әулетті бытыратпай бар жағдайды жасады. 120 отбасы қатар жатқан екі совхозға орналасып алды. Ішінде 6-7 мұғалім бар еді. Түгел мектептен орын берді. Жарманың орталығы Георгиевкада үлкен мектеп интернат бар



екең балалардың бәрін соған тоғыттық. Сол көшті еске ала отырып бүгінгі билікке, әкімшіліктің құлағына "алтын сырға" деп айтатын бір жайлар бар. Ол, сол кездегі тәртіп, іскерлік, бай елге келгенімізді бірден білдік. Әр ауылда еруліктеріңіз деп қой байлап кетеді. Әрбір үйге бір-бір қап ұн, үй басы бір-бір бұзаулы сиыр, біз екі түтін болып келгенбіз, шешем бұлақтай екі сиырды байлап алыпты. Ерулік десе ерулік бұл бір, екінші паспорт үстелі мекемесінің адамдары келіп тізімдеп алып кетті де, екі айдың ішінде бірден паспорт үлестірді. Ауданға, облысқа да сандалтқан жоқ. Мен мамырда келіп Жармаға орналастым. Мамыр, маусым өтіп шілдеде Алматыға келдім. Оқуымды жалғастырайын деп, сонда қалтамда "Кеңес одағының азаматы" деген қызыл паспортым болды. Туған жерін, ата мекен ел жұртын аңсап келген адамдар бірден еңбекке, жақсы өмірге араласып кетті" - деп жазды.

Өркениетті көшпенділер өзімен бірге қазақтың жақсы салт-дәстүрімен құнды ұлттық мұраларын, киіз үй үлгілерін, қол өнерін ала келді. Желіледе бие байлап асау құлынды нокталап, биелерді бүкпелеп сауды. Скотовод совхозы айтулы асаудың құлағымен ойнаған жылқышы Тоқтыбаев Бактияр Мұхамедияұлы Бөке өзені бойында желілеп бие сауып, аудан, облыс көлемінде Ақжал, Бөке кеншілерінің денсаулықтарына дәру сыйлады. Мал басы өсіп халық өмірі сәулеттене түсті «Елге ел қосылса құт» деген осы болды.

Биыл осы ұлы көшке 64 жыл, Қабдеш 90-ға толды.

Семей облысының архив документтерінде (Сержан Рамазанов) 1962 жылы 310 мыңнан артық адам келіпті. Солардың ішінде Секен Тұрысбеков бесікте болса, Майра Ілиясова тұлымы желбіреген қыз, Мұхтар – Құлмұхамет бала еді. Несіпбек Айтов оқушы еді, -деп жазады.

Осы көштің бұйдагері, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов бүгін арамыздан өтсе де, оның ұлт тарихы, әдебиеті мен мәдениетіне қосқан еңбегі ұшан теңіз Жармадағы он жеті ақын жайлы зерттеуі мен «ғажайып Генофонт» - деп жазуы, Дулат Бабатайұлының зердесін айқындауы, Қазақ хандық пен сұлтандықтан айрылып тұйыққа тірелгенде қазақты енді қорғап қалатын ислам діні сенімі екенін, Ақтайлақ бидің соңғы Софылық танымын «Прометей алауы» романы арқылы Түркістанға неше дүркін өзі әрі адам жіберіп қожаларды әкелуі оқырманға жатқа бодан болмауға тәрбие берді. Жазушының көзі тірісінде ардақ санап түсінген халқы Аягөз, Ақсуат, Үржар, Ақжар, Жайсаң ауданының халқы, құрметті азаматы атағын берді.

Адами өмірінде «ақ қағаз арым, қара сия қаным» - деп адалдықпен туралықтың туын көтеріп өткен ұлт жазушысы, Алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың «ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» - деген өміршендік идеясын өз шығармасының бой тұмары етіп, былай дейді: «Кейде өзің үшін, арың үшін, жазатын кез болады. Осы бір мәселе көтерілген жылдарда, Жұмаділов өмір сүріп еді ғой, не деп ұн қосыпты? - деп кейбіреулер сұрайтын сияқты. Кейінгі ұрпақ ақтара қалғанда, ақиқатын алатындай болып көрінеді».

Бұл жазушының оқырман үшін берік ұстаным, жауапкершілігі, нағыз жазушы өзі үшін өмір сүрмейді,

оның барлық ақыл-ой қабілет, қарымы, мақсат, мұраты халқымен ұлтының игілігіне екенін үлкен суреткерлігімен дәлелдеді.

Қазақ қара сөзінің – дарабозы атанған Қабдеш Жұмаділовтің ең алғашқы шығармасы осы Жарма топырағында басталып, осында тар төгіп, отбасы Ақдінгек фирмасында еңбек еткен еді.

Ұлы жазушының 90 жасқа толу салтанатында, Семей театрында, Абай облысының әкімі Берік Уәли, Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың: «жазушы ретінде Қабдешті қазіргі қазақ әдебиетінің бір кірпіші емес, бүтін бір қабырғасы, немесе бір қанаты деп бағалаймын» - деген сөзін келтіріп, биіктікке жасалатын құрметте биіктік болады – деді.

Біз өткен жылы облысымызда еңбегі сіңген ірі тұлғаларды еске алып, олардың атында көше, мектеп, ескерткіш қою жөнінде тізім беріп едік, соның бір бөлімі бекіп келді, соның ішінде Қабдеш Жұмаділовтың Ұлы көшті бастап әкелген елі Жарма мен Шарда күні бүгінге дейін еңбек етіп, өніп өсуде.

Қабдештің отбасы аға, бауырлары Ақдінгек тумасында ұзақ жыл тұрды.

Жарма ауданы алдағы уақытта Қалбатаудағы «Георгиевка орта мектебіне» көптің көкейінде жүрген халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың есімі берілсе дейміз.

**Мұхаметқазы Мұхамедияұлы, этнограф-тарихшы
Мәуітқазы Зүкенов, акын, ардагер журналист**

ДВИЖЕНИЕ НЕВАДА - СЕМИПАЛАТИНСК**ПРОТИВ ЯДЕРНЫХ ИСПЫТАНИЙ – НА ЗЕМЛЕ СЕМЕЯ****Семипалатинский ядерный полигон – закрытая зона**

Семипалатинский испытательный ядерный полигон был создан решением Совета Министров СССР 21 августа 1947 г. Полигон располагался в Казахстане в 130 км северо-западнее Семипалатинска (сейчас – Семей), на левом берегу реки Иртыш. Это было связано с тем, что в данном районе отсутствовали населенные пункты. Из села Малдары, располагавшегося неподалеку от полигона, власти переселили 138 чел.

При участии 15 тыс. строителей полигон возвели за два года. Центром его считался закрытый город Семипалатинск-21 (сейчас – Курчатов). Внутри полигона располагалось опытное поле, в центре которого была возведена стальная башня высотой 37 м. 29 августа 1949 г. на этой башне прошли успешные испытания первой советской атомной бомбы. Две трети всех советских испытаний были проведены именно на Семипалатинском ядерном полигоне.

Из-за договора 10 октября 1963 г. о запрещении испытаний в атмосфере, космическом пространстве и под водой между СССР, США и Великобританией, испытания начали проходить в виде подземных взрывов. Для их осуществления в районе горного массива Дегелен, который находился примерно в 100 км южнее жилой зоны полигона, была создана сеть из 181 горизонтальной штольни. Всего в этих штольнях было проведено 209 испытаний и взорвано 223 ядерных заряда. При этом помимо испытаний самих зарядов в Советском Союзе изучались воздействия взрывов на грунтовые массивы и подземные выработки. Последний взрыв на территории полигона был произведен 19 октября 1989 г.

29 августа 1991 г. решением Правительства Казахстана Семипалатинский испытательный ядерный полигон был за-

крыт. Последняя штольня полигона была взорвана 29 июля 2000 г. Сегодня, несмотря на ликвидацию инфраструктуры полигона, в Курчатове существует Национальный Ядерный Центр Республики Казахстан (НЯЦ РК), продолжающий наблюдения и опыты в сфере атомной энергетики и радиобиологии.

«Невада – Семипалатинск» - движение против ядерных испытаний

С конца 1940-х гг. в связи с началом «холодной войны» в Советском Союзе начали проводиться ядерные испытания. Несмотря на договор 1963 г. между СССР, США и Великобританией о запрете наземных ядерных испытаний, за 40 лет вся территория Семипалатинской области подверглась загрязнению продуктами ядерных взрывов, а более 1 млн. чел. получили радиационное облучение.

Ядерное загрязнение и рост общественной активности в годы перестройки дали толчок к созданию в Казахстане антиядерного движения. Движение возглавил Олжас Сулейменов, председатель Союза писателей Казахстана, общественный деятель и поэт. 26 февраля 1989 года Олжас Сулейменов в прямом телевизионном эфире заявил о необходимости прекращения ядерных испытаний в Казахстане. 28 февраля 1989 года у здания Союза писателей в Алма-Ате произошел митинг, на котором было принято решение о создании антиядерного движения «Невада-Семипалатинск». Свое название движение получило по местам основных атомных испытаний в США и СССР. Через месяц движение было зарегистрировано.

Летом 1989 г. Олжас Сулейменов стал участником I съезда депутатов СССР, где он изложил требования организации. В первом ее уставе были указаны три основные цели: закрытие Семипалатинского полигона, реабилитация пострадавшего населения и оздоровление окружающей среды. Также по инициативе движения «Невада-Семипалатинск» Верховный Совет СССР принял обращение к Конгрессу США с призывом начать на парламентском уровне диалог о прекращении испытаний. 19 октября 1989 года на территории Семипалатинского полигона был произведен последний взрыв.

Весной 1990 г. по инициативе движения «Невада-Семипалатинск» проводятся совместные акции в СССР, США, Великобритании, Японии и Германии. Так, с 23 по 27 мая 1990 г. в Алма-Ате совместно с «Движением врачей за запрещение ядерного оружия» был проведен Международный конгресс «Избиратели мира против ядерного оружия», а в сентябре 1990 г. по территории Казахстана прошел международный Марш мира под девизом «За мир без насилия. За выживание Земли» с участием советских и американских представителей, выдвинувших призыв о прекращении ядерных испытаний в Неваде. Также активисты движения «Невада-Семипалатинск» приняли участие в массовых акциях у полигона в Неваде и в Нью-Йорке.

29 августа 1991 г. в Казахстане был подписан указ «О закрытии Семипалатинского испытательного ядерного полигона». Впоследствии движение «Невада - Семипалатинск» было охарактеризовано как движение, объединившее ученых, писателей, служащих, рабочих и многих людей самых разных возрастов, внесшее огромный вклад в борьбу за закрытие Семипалатинского ядерного полигона и приостановку деятельности других испытательных полигонов мира.

В девяностые годы движение «Невада – Семипалатинск» вошло в международный антиядерный альянс. Так, в октябре 1996 г. в Казахстане был принят Договор о всеобъемлющем запрещении испытаний ядерного оружия, который приняли практически все страны мира. Также до сих пор все свои силы организация бросает на ликвидацию

ЕГО ИМЕНЕМ НАЗВАНА УЛИЦА РАЙЦЕНТРА**Казахский батыр, певец походов, военачальник**

Утверждают, что Ақтамберды Сарыұлы родился в предгорьях Каратау в окрестностях Южного Казахстана в семье зажиточных людей, хотя сам он в своих стихах указывает, что происходит из рода Жағалбай (Младший жуз) и что он с детства рос одиноким и небезопасным.

Он проявил свои поэтические способности очень рано в 10–12 лет. Судя по строкам из его стихов: «В двенадцать лет я сел на коня, взял в руки саблю», Ақтамберды рано включился в борьбу с врагами. Также в своих стихах он воспевае казахский быт, семью и отечество.

